

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті  
Ғылыми Кеңесінің кезектен тыс №24 мәжілісінің  
хаттамасынан көшірме**

**15 мамыр, 2026 жыл**

**КҮН ТӘРТІБІ**

**1 сұрақ.** Қазақстан Республикасы Ұлттық аграрлық ғылымдар академиясының толық мүшелерінің (академиктерінің) және корреспондент-мүшелерінің бос лауазымдарына сайлауға қатысуға кандидатураларды қарау және бекіту туралы (Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.Бурибаева).

**1.1. сұрақ.** Қазақстан Республикасы Ұлттық аграрлық ғылым академиясының (ҰАҒА) толық мүшелігіне кандидат ұсыну;

**ТЫҢДАЛДЫ:** Ғылым және білім беру саласындағы зор үлесі мен білікті мамандар даярлаудағы жетістіктері үшін ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор Тауенов Ибадулла Айғалиұлының кандидатурасын Ұлттық аграрлық ғылым академиясының (ҰАҒА) толық мүшелігіне ұсынды.

Мәселені талқылау және ашық дауыс беру («қолдады» - 33, «қарсы болған», «қалыс қалған»-жоқ) нәтижесінде Ғылыми кеңес мынадай

**ҚАУЛЫ**

**ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор Тауенов Ибадулла Айғалиұлының кандидатурасы Ұлттық аграрлық ғылым академиясының (ҰАҒА) толық мүшелігіне ұсынылсын және тиісті құжаттар топтамасы ҰАҒА жолдансын;
2. Осы қаулының орындалуын қадағалау Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А. Бурибаеваға жүктелсін.

**1.2 сұрақ.** Қазақстан Республикасы Ұлттық аграрлық ғылым академиясының (ҰАҒА) корреспондент мүшелігіне кандидат ұсыну туралы.

**ТЫҢДАЛДЫ:** Ғылым және білім беру саласындағы зор үлесі мен білікті мамандар даярлаудағы жетістіктері үшін Ұлттық аграрлық ғылым академиясының (ҰАҒА) корреспондент мүшелігіне Бекжанов Серік Жолдахметұлының кандидатурасын ұсынды.

Мәселені талқылау және ашық дауыс беру («қолдады» - 33, «қарсы болған», «қалыс қалған»-жоқ) нәтижесінде Ғылыми кеңес мынадай

## ҚАУЛЫ

### ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор Бекжанов Серік Жолдахметұлының кандидатурасы Ұлттық аграрлық ғылым академиясының (ҰАҒА) коррсепондент-мүшелігіне ұсынылсын және тиісті құжаттар топтамасы ҰАҒА жолдансын.
2. Осы қаулының орындалуын қадағалау Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А. Бурибаеваға жүктелсін.

Ғылыми кеңес Төрағасы

Н.С. Байқадамов

Ғалым хатшы

Л.А. Жусупова

